

МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫНА


Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Сізге, Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 2025 жылдың 28 қаңтар күні Өнер мектебінде «Тарих-таным айнасы» атты аудандық сырттай сурет байқауы өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес аудандық сурет байқауына қатысатын оқушылардың сұранысы мен жұмыстарын 2025 жылдың 27 қаңтарына дейін Өнер мектебіне жеткізулеріңізді сұранады.

Қосымша: 3 парақта

Т.Рысқұлов ауданының

білім бөлімінің басшысы



М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10



**Қазақстан Республикасының Конституциясының 30 жылдығына орай
«Тарих-таным айнасы» атты аудандық сырттай сурет байқауының
Ережесі**

I. Жалпы ереже

«Тарих таным айнасы» атты аудандық байқауының өткізу ережесі (бұдан әрі – Байқау) оның мақсатын, міндеттерін өткізу тәртібін анықтайды.

Байқаудың мақсаты:

Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің салт-дәстүрін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Байқаудың міндеттері:

Адамгершілік-патриоттық сезімге, өз Отанына деген сүйіспеншілік пен құрметке тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

II. Байқауды өткізу уақыты және орны

Аудандық байқау сырттай 2025 жылдың 28 қаңтар күні сағат 10.00-де Өнер мектебінің базасында өткізіледі.

Байқауға қатысу туралы өтінім мен жұмысты 2025 жылдың 27 қаңтарына дейін «Өнер мектебіне» алып келу қажет. Электронды нұсқада қабылданбайтындығын ескертеміз.

III. Байқауға қатысушылар

Байқауға жалпы орта, негізгі, қосымша білім беру мекемелерінің 12-17 жастағы білім алушылар қатыса алады.

Байқауға төмендегі жас ерекшеліктеріне қарай жұмыстары қабылданады.

- 12-14 жас аралығы орта топ-1 оқушы
- 15-17 жас аралығы жоғары топ-1 оқушы

**IV. Жұмыстың мазмұндылығына және рәсімделуіне
қойылатын талаптар**

Ұсынылған оқушылардың суреттері байқау мақсаттарына, міндеттеріне, тақырыптарына сәйкес келуі тиіс.

Оқушылардың жұмыстарына қойылатын талаптар:

а) сурет байқауына қатысу үшін А3 пішіндт, бейнелеу өнерінде қолданатын материалдарда, түрлі техникада орындалған жұмыстар қабылданады.

б) суреттер эстетикалық талапқа сәйкес безендірілген, сапалы болуы керек.

в) әр суреттің бұрыштамасында мемлекеттік немесе орыс тілдерінде тегі, аты, жасы, мектеп атауы, ауданы жазылуы қажет.

г) гуашь, акварель, қарындаш, фломастер және т.б. әртүрлі техникада орындалған суреттердің түп-нұсқалары қабылданады.

Жұмыстың бағалау критерийлері:

- жарияланған тақырыптың мазмұнына сәйкестігі, тақырыптың ашу деңгейі;

- шығармашылық талғамы, композициясы, техникасы, сапалық және эстетикалық талапқа сәйкестігі;

- материалдың бейнелігін, түпнұсқалығын және көркемдік мәнерлігін көрсету.

V. Байқауды өткізудің шарттары мен талаптары

Байқауды өткізу мен дайындау бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру мен іске асыру үшін аудандық ұйымдастыру комитеті құрылады.

Жоғарыда аталған талаптар бұзылған жағдайда байқауға ұсынылған жұмыстар қарастырылмайды және байқауға қатыса алмайды.

Ұсынылған жұмыстарға пікір жазылмайды.

VI. Байқау жұмыстарын бағалау өлшемі:

- өзіндік ерекшелігі;
- тақырыптың тереңдігі мен мағынасын беру;
- идеяны жүзеге асырудың креативті тәсілі;
- көркемдік шеберлік негіздерін меңгеру.
- күрделілік дәрежесі;
- ой ерекшелігі;
- көркемдік мәнерлілік (композициялық және түстік шешім);
- сындарлы шешімнің бірегейлігі;

VII. Байқаудың нәтижесін қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

Байқау қорытындысы жас ерекшелігіне сай хаттамамен ресімдейді.

Байқау жеңімпаздары әрбір жас ерекшелігі бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Анықтама үшін: байланыс телефоны: 87714911804

№	Қатысушының аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Жасы	Жұмыстың тақырыбы	Білім беру ұйымы	Жетекшінің аты-жөні байланыс телефоны